

**«Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтардың аудандық байқауын ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1.1. Жас педагогтардың әлеуметтік мәртебесін және шығармашылық потенциалын арттыру, инновациялық белсенділіктерін дамыту, әрі қарай кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау мақсатында «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтардың аудандық байқауы (әрі қарай – Байқау) өткізіледі.

1.2. Аталған байқау республикалық байқаудың шеңберінде өтеді.

1.3. Байқаудың міндеттері:

- талантты жас педагогтарды анықтау;
 - педагог еңбегінің дәрежесін көтеру;
 - жас педагогтардың инновациялық идеяларды енгізуде және ізденуде мотивацияларын арттыру;
 - жас педагогтарды дәстүрлі мәдени-білім ортасына тарту;
- педагогикалық қауымға жас педагогтардың жетістіктерін насихаттау, тарату.

1.4. Байқаудың қатысушылары барлық типтегі білім ұйымдарының байқауға қатысуға өтініш берген барлық педагог қызметкерлері:

- жоғары және кәсіби орта білімді;
- білім мекемесінде **үш жылға** дейін педагогикалық еңбек өтілі бар жас мамандар қатыса алады.

2. Байқау шарты

2.1. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең (тур) – аудан(қала) көлемінде;

II кезең (тур) – облыс көлемінде;

III кезең (тур) – Республика көлемінде;

2.2. Аудандық байқауға қатысу үшін білім беру ұйымдары байқауды ұйымдастыру комитетіне төмендегі құжаттарды жібереді:

- Байқауға қатысушының өтініші (қосымша 1). Өтінімге үш жылдан аспайтын жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасының сканерленген көшірмелерін бекіту қажет.

2.3. Құжаттарды **2026 жылдың 13 ақпанына** дейін **кешіктірмей** жіберу талап етіледі.

Көрсетілген уақыттан кеш келген құжаттар қабылданбайды.

2.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізуге ұйымдастыру комитеті, байқаудың қазылар алқасы құрылады, құрамы мен жұмыс тәртібі аудандық білім бөлімінің бұйрығымен бекітіледі.

2.5. Байқауды Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің оқу-әдістемелік кабинеті ұйымдастырады.

Ұйымдастырушы комитетіне келесідей жұмыстар жүктеледі:

- Байқаудың ұйымдастырушылық мәселелерін шешу;
- өтініштерді және ұсынылған материалдарды қабылдау;
- өткізу уақыты, тәртібі және байқаудың қорытындысы жөнінде ақпарат дайындау;

2.6. Пәндер бойынша Байқау қорытындысын шығару қазылар алқасына жүктеледі.

3. Байқауды өткізу тәртібі

1. **I тапсырма** - «Жаңа мектепке - жаңашыл ұстаз» тақырыбында эссе жазу;
2. **II тапсырма** - «Шығармашылық жолдың бастамасы» тақырыбында өзін-өзі таныстыру.

Бұл фотопрезентация, бейнепрезентация, аудиожазба, көркемсөз, т.б. ерекше шығармашылықтар арқылы көрсетілуі мүмкін. Байқауға қатысушы өзін таныстырып, мамандығына деген көзқарасын ұсынады (презентация уақыты 5-7 минуттан аспауы тиіс).

3. **III тапсырма** - «*Ашық сабақ*». Байқау қатысушылары бейтаныс сыныпта сабақ өткізеді (5-9 сыныптарда). Сабақтың тақырыбын қатысушының өзі күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) анықтайды. Сабақтың өту уақыты – 20 минут.

4. Байқаудың өткізілу талабы

4.1. Аудандық байқауға қатысу үшін 2026 жылдың 6 ақпанына дейін ұйымдастыру комитетіне төмендегі құжаттар мен материалдарды тапсыру қажет:

- «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» тақырыбында эссе (өмірлік ұстанымы, кәсіби-жеке тұлғалық позиция, жетекші педагогикалық идеялар). Эссе көлемі А4 форматында 1-1,5 бет, шрифт – 14 кегль, интервал - 1,0 (баспа және электронды түрде);
- сынып, оқыту тілі, пәні көрсетілген конкурстық ашық сабаққа өтінім (1-қосымша);
- электронды түрдегі сабақ жоспары, тақырыбын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қатысушының өзі күнтізбелік-тақырыптық жоспарға (2025 жылғы 10 – 20 наурыз аралығында үшінші тоқсанда өткізілетін тақырыптар) сәйкес айқындайды.

4.2. Байқаудың барлық материалдарын **аудандық білім бөліміне** өткізу қажет.

4.3. Байқаудың әрбір тапсырма нәтижелері бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды ұпай әр тапсырманың ұпайларын қосу арқылы шығарылады.

4.4. Байқауды өткізу кезінде мыналар бағаланады:

- Байқау қатысушысының кәсібилігі мен жаңаша идеяларының ұсынылуы;
- Байқау қатысушысының сабақты жаңартылған білім мазмұны бойынша өткізуі, оқушыға білім берудің жаңаша әдіс-тәсілдерін меңгертуі;
- Байқау қатысушысының коммуникативті белгілері;
- Байқау қатысушысының ақпараттық-коммуникативтік технологияны меңгертуі.

➤ **Эссені бағалау критерийлері:**

(**Ұпай (0-2): 2** – толық сәйкес келеді, **1** – ішінара сәйкес келеді, **0** – сәйкес келмеді):

- тақырыптың сәйкестігі;
- тақырыпты түсінуі;
- аргументтердің сенімділігі;
- анықтығы мен жүйелілігі;
- түпнұсқалық (плагиатқа тексеру) 70% кем емес.

➤ **«Шығармашылық жолдың бастамасы» тақырыбында таныстыру презентациясының бағалау критерийлері:**

(**Ұпай (1-5): 3** – өте жақсы, **2** – жақсы, **1** – қанағаттанарлық)

- өзіндік ерекшелігі және шығармашылығы;
- презентацияның анықтығы мен жүйелілігі;
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті;
- кәсіби тәжірибені ұсынуы.

➤ **Сабақты бағалау критерийлері:**

(**Ұпай (0-2): 2** – толық сәйкес келеді, **1** – ішінара сәйкес келеді, **0** – сәйкес келмеді):

МАҚСАТТАРЫ:

1. Сабақтың оқу мақсаттары күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес таңдалған;
2. Сабақ мақсаттары (бағалау критерийлері) оқу мақсаттарына сәйкес қойылған;
3. Сабақтың мақсаттары ойлау қабілетінің даму деңгейіне сәйкес SMART форматында құрылған.

ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ:

1. Оқу мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді;
2. Сабақ мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуына ықпал етеді;
3. Оқушылардың жеке және ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды қолдайды.

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Оқу мақсатына жетудің бағалау критерийлеріне және ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келеді;
2. Функционалды сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;
3. Оқушылардың жеке және/немесе ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

5. Байқауды қорытындылау

- 5.1. Әділқазылар Байқау қорытындысын шығарып, жеңімпаз анықталады.
- 5.3. Байқаудың жеңімпаздары (I, II және III орын иегерлері) аудандық білім бөлімінің I, II, III дәрежелі диплом мен Алғыс хаттармен марапатталады.
- 5.4. Аудандық байқаудың жеңімпаздары Облыстық II кезеңге қатысуға жолдама алады.

6. Байланыстар

- 8.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу бойынша төмендегі телефондар арқылы байланысуға болады:

Каландарова Райхан Азатовна, аудандық білім бөлімінің әдіскері, 87023801779

1-қосымша

«ЖАҢА МЕКТЕПКЕ – ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ» атты жас педагогтердің облыстық байқауына ӨТІНІМ

1	Қатысушының аты-жөні (жеке куәлігі бойынша)	
2	Облысы	
3	Жұмыс орны (білім беру ұйымының толық атауы)	
4	Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі	
5	Ұлы телефоны (WhatsApp)	
6	Жұмыс телефоны	
7	E-mail	
8	Еңбек кітапшасының көшірмесі	

Сабақтың тақырыбы	Пәні	Оқыту тілі, сыныбы

Басшының қолы _____

« » _____ 2026 ж.